

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

БЖЗК салымшыларының (алушыларының) 6 айдағы таза инвестициялық кірісі 571 миллиард теңгеден асты

2023 жылдың 6 айында БЖЗК салымшыларының шоттарына **571,2 млрд теңге** мөлшерінде таза инвестициялық кіріс түсті. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңіндегі көрсеткіштерден **233 млрд теңгеге** немесе 68,9% артық.

ҚР Ұлттық Банкі (ҚРҰБ) қамтамасыз еткен зейнетақы активтері бойынша соңғы 12 айдағы кірістілік 7,9% болды.

Инвестициялық кіріс бағалы қағаздар (салымдар және басқа операциялар) бойынша сыйақы түріндегі, қаржы құралдарын нарықтық және валюталық қайта бағалау түріндегі кірістерден, сыртқы басқарудағы активтер бойынша кірістерден және т. б. тұрады. Зейнетақы активтерін басқаратын ҚР Ұлттық Банкі және инвестициялық портфельді басқарушылар (ИПБ) зейнетақы активтерін еліміздегі және шетелдегі экономиканың сан-алуан секторларының түрлі қаржы құралдарына инвестициялық кіріс алу мақсатында орналастырады. Мұндай әртараптандыру зейнетақы жинақтарының сақталуын және орнықты табыстылығын қамтамасыз етеді.

ҚРҰБ басқаруындағы зейнетақы активтері ҚРҰБ Басқармасының 2020 жылғы 24 ақпандағы №10 қаулысымен бекітілген Инвестициялық декларацияға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2021 жылғы 15 ақпандағы №29 қаулысына сәйкес ИПБ-лар үшін зейнетақы активтері есебінен сатып алуға рұқсат етілген қаржы құралдарының тізбесіне сәйкес инвестицияланады.

Әр ИПБ-ның "Зейнетақы активтері сенімгерлік басқаруға берілуі мүмкін инвестициялық портфельді басқарушыларға қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2021 жылғы 15 ақпандағы № 29 қаулысы шеңберінде зейнетақы активтерін инвестициялаудың өзіндік стратегиялары бар және инвестициялық декларация шеңберінде инвестициялық портфельдің құрылымын дербес айқындайды. Барлық зейнетақы жинақтарының есебін (тіпті олардың бір бөлігін жеке басқарушы компанияларға аударғаннан кейін де) БЖЗК жүргізеді. ИПБ инвестициялық қызметімен және кірістілік көрсеткіштерімен enpf.kz сайтындағы "Көрсеткіштер" - "Инвестициялық қызмет" бөлімінде танысуға болады. Сонымен қатар, әр салымшы enpf.kz сайты немесе ұялы қосымшадағы Жеке кабинетінде өзінің инвестициялық табысын көре алады.

Естеріңізге сала кетейік, зейнетақы активтерінің қысқа уақыт ішіндегі кірістілігі оларды басқару тиімділігінің объективті көрінісін көрсетпейді. БЖЗК зейнетақы активтері ұзақ инвестициялық көзқарамға ие және инвестициялаудың негізгі мақсаты – ұзақ мерзімді кезеңде нақты табыс алу.

Айта кетейік, жинақтаушы зейнетақы жүйесі құрылған сәттен (1998 жылы) бастап 2023 жылғы 1 шілдеге инвестициялық кірістілік бүкіл кезеңдегі инфляция **719,3%** болғанда, өскелең жиынтықпен **763,88%** көрсетті. Тиісінше, ұзақ мерзім ішінде жинақталған инвестициялық кіріс инфляциядан асып түсті.

БЖЗК 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗК құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗК зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗК міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).